"АБАЙ ОБЛЫСЫ
ЖАҢАСЕМЕЙ АУДАНЫ
ЕРТІС АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ"
мемлекеттік мекемесі

Государственное учреждение
"АППАРАТ АКИМА
ИРТЫШСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
РАЙОНА ЖАҢАСЕМЕЙ
ОБЛАСТИ АБАЙ"

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2026 ж. «16» 01 № 6-н/қ «16» 01 2026 г.

Мұқыр ауылы село Мукур

Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу және тәсілді таңдауды негіздеу туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Тұтынушыларды жабдықтауға арналған электр энергиясын (бұдан әрі – Тауар) сатып алу табиғи монополиялар салаларына жататындығына, сондай-ақ «ШҚ АЭК» АҚ электр энергиясымен кепілдік беруші жеткізушісімен электр энергиясын сатып алу-сату немесе энергиямен жабдықтауға байланысты болуына орай, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылсын. Сатып алу сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгені құрайды.

2. Заңның 16-бабы 6-тармағының және Қағидалардың 508-тармағының талаптарын орындау мақсатында, Тауарды мемлекеттік сатып алу Заңның 5-бабының 1, 4, 6, 7-тармақшаларында көзделген принциптерді сақтай отырып өткізілсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды және жауапкершілікті өзіме қалдырамын.

Есепте көрсетілген ақпарат

Өнім берушіні таңдауды негіздеу	Жасалған шарттың бағасын негіздеу
Заңның 5-бабы 1) тармақшасын орындау мақсатында: Тапсырыс беруші талап еткен сапаны ұсынған 3 әлеуетті өнім берушіден коммерциялық ұсыныстар (КҰ) сұратылды. Заңның 5-бабы 4) тармақшасын орындау мақсатында: КҰ әртүрлі өңірлерде орналасқан, бір-бірімен үлестес емес әртүрлі әлеуетті өнім берушілерден сұратылды. Заңның 5-бабы 6) тармақшасын орындау мақсатында: Тапсырыс беруші ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабы 11-бөлігінде көзделген жауапкершілік туралы хабардар. Заңның 5-бабы 7) тармақшасын орындау мақсатында: Сұрау салу жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тапсырыс берушінің басшылығымен ешқандай үлестес, оның ішінде туыстық байланысы жоқ.	Электр энергиясына арналған тариф.

Ертіс ауылдық округінің әкімі **А. Тұрсынханов**